

**"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 331-ө  
Өкімі

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қазандағы Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі екі ай мерзімде "Жұмыс берушілердің жұмысқа орналастыру елінің банктеріне немесе сақтандыру ұйымдарына кепілдік берілген және кепілді жарналарды енгізу және олардың мөлшері ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

2. Жергілікті атқарушы органдар екі ай мерзімде Заңды іске асыру жөніндегі тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне қабылданған шаралар туралы ақпарат берсін.

*Премьер-Министр*